

Бюджеттік борыштар бойынша есептеме жүргізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 25 желтоқсан N 1614

Бюджеттік ұйымдардың босатылған электр және жылу энергиялары үшін пайда болған берешектерін қысқарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитетімен бірлесіп "Жезказганцветмет" акционерлік қоғамының заңды тұлғалардан алынатын табыс салығы бойынша 651 (алты жұз елу бір) млн. теңге республикалық бюджетке берешегіне есептеме жасасын.

Аталған сомадан 61 (алпыс бір) млн. теңге қосымшаға сәйкес Жезқазған және Жезқазған облысының Сатпаев қалаларының республикалық бюджеттік мекемелерін қаржыландыру есебіне және 590 (бес жұз тоқсан) млн. теңге - Жезқазған облысы әкімінің бағынысындағы бюджеттік мекемелерді қаржыландыру есебіне олардың тұтынған электр және жылу энергиялары үшін "Жезказганцветмет" акционерлік қоғамына берешектерін өтеуге есептелсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Жезқазған облысының жергілікті бюджеттерімен республикалық бюджетте Қазақстан Республикасы Үкіметінің кезек күттірмейтін мұқтаждарына арнап көзделген қаражат есебінен 590 (бес жұз тоқсан) млн. теңге сомасында осы есептемені жүргізуден туындайтын өзара есеп айырысуларды реттеп отырсын.

3. Жезқазған облысының әкіміне жергілікті бюджеттің өзара бюджеттік

борыштары бойынша осы секілді есептеме жүргізу ұсынылсын.

4. Берешектер есептемесі 1996 жылға арналған республикалық бюджеттің кіріс және шығыс бөліктерінде аталған сома көрсетіле отырып жүргізілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 25 желтоқсандағы
N 1614 қаулысына
қосымша

Респубикалық бюджетте тұратын, тұтынылған электр
және жылу энергиясы үшін есептемеге алынатын
берешегі бар мекемелер мен ұйымдардың
ТІЗБЕСІ

мың теңге

Мемлекеттік тергеу комитеті	5450,3
Ішкі істер министрлігі	25501,7
Бас прокуратура	7,4
"Қазақстан теледидары мен радиосы" респубикалық корпорациясы	261,4
Әділет министрлігі	723,0
Білім министрлігі	27219,0
Мемлекеттік салық комитеті	8,0
Ауыл шаруашылығы министрлігі	1111,6
Су ресурстар жөніндегі комитет	717,6
 Жиыны	 61000,0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК